

6-дәріс

Қазақстан көшпелілерінің мәдениеті және арғы түркілердің мәдени мұрасы

Орындаған: 8D03102–мәдениеттану мамандығының 2-
курс докторанты Есболова М.А.

Қазақ мәдениетінің бастаулары түркі мәдениетінің жалғасы.



- Бұл мәдениетті түсіну мақсатында алдымен оны кеңістік өрісі мен уақыт ағынында қарастырып, кейін қазақ мәдениетінің типтік ерекшеліктерін айқындайық. Қазақ мәдениеті еуразиялық Ұлы дала көшпелілерінің мұрагері болып табылады. Сондықтан осы ұлттық мәдениетті талдауды номадалық (көшпелілік) өркениет ерекшеліктерінен бастайық.

Көшпенділер өркениетінің қазақ мәдениетіне қосқан үлесі.

Әрбір ұлттық мәдениет бос кеңістікте емес, адамдандырылған қоршаған ортада әрекет етеді. Мәдени кеңістік оқшау, мәңгіге берілген енші емес. Ол тарихи ағынның өрісі болып табылады. Мәдени кеңістіктің маңызды қасиеті — оның тылсымдық сипаты. Мысалы, «ата қоныс» ұғымы көпшелілер үшін қасиетті, ол өз жерінің тұтастығының кепілі және көршілес жатқан мекендерге де қол сұғуға болмайтындығын мойындайды. Қауымдық қатынас мекендер егемендігінен туады. Ата қоныстың әрбір жағрафиялық белгілері халық санасында киелі жерлер деп есептелінеді, яғни қоршаған орта киелі таулардан, өзен-көлдерден, аңғарлар мен төбелерден, аруақтар жататын молалардан т.б. тұрады. Олардың қасиеттілігі аңыз-әпсаналарда, жырлар мен көсемсөздерде болашақ ұрпақтарға мұра ретінде қалдырылған.



Табиғат аясындағы мәдениетті қатып-сеніп қалған, өзгеріссіз әлем дейтін пікірлер де әдебиетте жиі кездеседі. Алайда, бұл осы мәдениетке тынымсыз қозғалыс тән екендігін аңғармаудан туады. Шексіз далада бір орында тоқталып қалу көшпелілік тіршілікке сәйкес келмейді. Ол мезгілдік, вегитациялық заңдылықтарға бағынып, қозғалыс шеңберінен шықпайды. Әрине бұл қозғалыс негізінен қайталанбалы, тұрақты сипатта болады. Қуаң даланы игеру табиғатты өзгертуге емес, қайта оның ажырамас бір бөлігіне айналуға бағытталған. Яғни, адам табиғат құбылыстарына тәуелді болып қалады.



Көшпенділердің жол серігі



- Енді қарастырып отырған өркениеттің кеңістікті игеру құралдарына тоқталып өтейік. Бұл жерде ең алдымен көшпелілер өміріндегі жылқының ерекше бір қызметіне назар аударған жөн. Жылқыны адам еркіне көндіру арқылы адамзат кеңістікті меңгеру ісінде үлкен қадам жасады. К.Ясперстің пікірі бойынша, тағылықтан өркениетке өтуде жер суару жүйелерін жасаумен, жазудың ашылуымен, этностардың пайда болуымен қатар жылқыны пайдалана білу адамзат үшін өте маңызды болды.

Жылқыны пайдалана білу шектелген кеңістіктен бүкіл әлемді игеруге бағытталған қадам еді. Бұл әртүрлі мәдениеттердің сұхбаттасуына мүмкіндік берді. Әрине, бұл сұхбаттасу көптеген жағдайда зорлық-зомбылық арқылы жүзеге асқанын ұмытпағанда жөн.

Сонау көне заманнан халықтар солтүстіктен оңтүстікке, шығыстан батысқа қарай (немесе керісінше) қозғалыста болған. Белгілі болжам шумерліктердің Қосөзен аңғарына Орталық Азиядан келгенін, үндігерман тайпаларының оңтүстікке жылжып, Үндістан, Иран, Грекияға енгенін, түрік тайпаларының Кіші Азияны жаулап алғанын көрсетеді.

Музыка тарихына шолу

Бірінші кезең — Біздің заманымызға дейін III ғасыр мен біздің заманымыздың VI ғасыры аралығы. Бұған сақ заманынан бастап, көне түркі тайпаларының қиял-ғажайып тақырыптарға арналған күйлері, жорық сарындары, айтулы батыр, дана ару, ерге серік қанатты пырақ-ат, киелі жан-жануарлар туралы өте ертеден келе жатқан күйлер сарыны жатады. Мәселен, "Қос мүйізді Ескендір", "Көк төбет", "Көк бөрі", "Шыңырау", "Аққу", "Сарын", "Өгіз өлген", "Тарғыл бұқа", "Боз іңген", "Боз айғыр" сияқты күй-сарындар. Бұл күй-сарындар міндетті түрде аңыз-әңгімелермен қосарланып жүреді.



Екінші кезең — оғыз-қыпшақ күйлері (VI—XII ғасырларда). Бұған Қорқыттың күйлері — "Қорқыт", "Тарғыл тана", "Ұшардың ұлуы", "Желмая", қазір аты белгісіз сазгерлердің "Абыз толғауы", "Саймақтың сары өзені", "Айрауықтың ащы зары", т. б. күйлер жатады.

► Үшінші кезең — ноғайлы дәуірінің күй-жырлары (XIII—XVI ғасырларда). Бұл кезде ауызша және әуенмен айтылатын батырлық, ғашықтық — "Алпамыс", "Қобыланды", "Қамбар батыр", "Ер Тарғын", "Едіге", "Қырымның қырық батыры", "Орақ—Мамай" сияқты жырлар туған. Дәл осы заманда Сыпыра жырау, Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіздердің өлең-жырлары дүниеге келген. Осы жырлардың бәрінің шыпшырғасын шығармай сақтап қалған — тек қазақ халқы. Өйткені "Қазақ" атауы орныққанға дейінгі ортақ жиынтық атау — "ноғайлы елі" деген жұртқа, негізінен, қазақ ру-тайпалары кірген еді. Ноғайлы заманының музыкалық мұрасына "Ақсақ құлан", "Жошы ханның жортуылы", "Шора батыр", "Әмір ақсақ", "Қамбар күйі", Асан қайғының "Ел айырылған", Қазтуғанның "Сағыныш" сияқты күйлері жатады.

Төртінші кезең — Жоңғар шапқыншылығы кезеңі (XVII—XVIII ғасырларда). Оған: "Елім-ай" әні, "Қаратаудың шертпесі", "Қалмақ бийі", "Беласар", "Абылайдың қара жорғасы", т.б. күй, әндермен қатар сол заманғы қазақ батырлары жөніндегі жыр-дастандарды жатқызуға болады.



Бесінші кезең — XVIII—XIX ғасырларда және XX ғасырдың басында туған музыкалық мұраларымыз. Оған: Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Тоқа, Сейтек сияқты күйшілер күйлерін, Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Абай, Мәди, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Ыбырай, Майра, Кенен Әзірбаев, Жамбыл, т.б. әндерін жатқызуға болады.

АСЫЛ СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ – ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ



Махмұд Қашқари

«Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы») атты туындысы. Бұл сөздікті тек тілтанулық құрал демей, сонымен бірге ортағасырлық түрік мәдениетінің озық өркениетке қосқан бір үлесі деп қарастырған жөн. Мұсылман әлемін баурап алған мәдениетке өзін әлемге таныту қажеттігі туды. Оны Махмұд өзінің теңдесі жоқ шығармасында ойдағыдай жүзеге асырады.

Махмұд Қашқаридың негізгі зерттеген мәселесі — түрік тайпаларының мәдениеті. Осы мақсатпен ол бүкіл түрік тайпалары мекендеген кеңістікті аралап шықты. «Мен түріктер, түрікмендер, оғыздар, шігілдер, яғмалар, қырғыздардың шаһарларын, қыстақ пен жайлауларын көп жылдар кезіп (аралап) шықтым, лұғаттарын жинадым, түрлі сөз қасиеттерін үйреніп, анықтадым. Мен бұл істерді тіл білмегенім үшін емес, қайта бұл тілдердегі әрбір кішігірім айырмашылықтарды да анықтау үшін істедім. Әйтпесе мен тілде олардың ең білгір адамдарынан, ең үлкен мамандарынан, көрегендерінен, тайпаларынан шыққан, соғыс істерінде мықты найзагерлерінен едім. Оларға ден қойғаным сондай, түріктер, түрікмендер, оғыздар, шігілдер, яғмалар және қырғыз тайпаларының тілдері түгелдей көңіліме қонып, жатталып қалды. Солардың бәрін мұқият бір негізде жүйеге салдым».



Қожа Ахмет Иассауи жазған негізгі шығарма — «*Диуани хикмет*» («Ақыл кітабы»), Қожа Ахметтің өмірде жасаған бір ерлігі оның 63 жасқа келгеннен кейін, «пайғамбар жасына жеттім, одан әрі өмір сүру, жарық дүниені көру күнә» деп бар байлығын мүсәпірлерге таратып, өз еркімен жер астындағы үңгірде тіршілік етуімен байланысты. Оның пәк өміріне риза болған атақты Ақсақ Темір ғажайып Қожа Ахмет Иассауи ғимаратын салдырды. Иассауи туралы Ыбырай Алтынсаринның берген бағасын келтірейік: «Муштафид Ғұламалар арасындағы ұлықтары төртеу: имам Ағзам, имам Мәлік, имам Шафиғ, имам Ахмед Ханбал Яссауи. Бұл төртеуі шариғат мәнісін толық тексеріп, халыққа түсіндіріп берді». (Мұсылманшылдықтың белгісі. — Алматы, 1991. — 22-бет).



Жүсіп Баласағұни (1015 - 1075)

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі». Осыдан ІХ ғасыр бұрын жазылған (1069—1070 ж.) бұл дастанда түрік мәдениетінің негізгі нышандары айқындалып, бақытты өмір сүру мұраттары тұжырымдалады.

Жүсіп Баласағұн Хас-Хаджибтің бұл еңбегін шын мәнісінде ортағасырлық түрік мәдениетінің энциклопедиясы деп қарастыруға болады.

Жүсіп Баласағұн Шығыс Ренессансының кемелденген кезінде өмір сүрген және әл-Фараби бастаған Шығыс перипатетикасынан, әрі сопылық поэзиядан нәр алған. Сондықтан оны белгілі бір мәдениет ағымына үзілді-кесілді қоса салу дұрыс емес.

Ол өзіндік бір дәстүр бастаған ұлы тұлғалардың қатарына жатады. Тарихи-мәдени ағын талай арнадан қуат алады. «Құтадғу білік» («Құтты білік») — 6520 бәйіттен тұратын философиялық-тәлімдік шығарма.

Дастанның аты Жүсіп Баласағұнның өмір тірегі құт, яғни парасатты, нұрлы өмір деген басты принципіне сүйенген.

Көне Түркі жазулары



Чернышева Надежда

Тюркский каганат



Түркі қағанатының күшейген уақытында Солтүстік-Шығыс Қытай (Маньчжурия), Моңғолия, Алтай, Шығыс Түркістан, Батыс Түркістан, Орта Азия, Қазақстан және Солтүстік Кавказ территорияларына иелік еткен.

Діндері

Түріктердің наным-сенімдері және діні — жалпы алғанда, отырықшы және көшпелі халықтың діни нанымдарында алдындағы дәуірлерден алынғаны көп. Адамдардың Құдайлық күштермен «Қарым-Қатынасындағы» аралық міндеттер қоғамдағы ерекше топтың — шамандардың қолында болды, ал шамандар ертедегі түрік мәтіндерінде қам деп аталған. Шамандар, сәуегейлер, емшілер, «Құдайдың қалауын» жариялаушылар болған. Ертедегі түріктер дінінің негізі Көкке (Тәңір) және Жер-Суға (Йер-Суб) сиыну болды". Құдірет деп есептелген бұл қос күштің негізгісі Көк болды. Қағандар нақ осы Көктің еркімен билік құрып, олар «Көк тектестер және Көкте туғандар» деп аталды.

Түркі мәдениеті

Түркі мәдениеті - ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан мәдениеттің жалпы атауы. Түркілердің алғашқы ата қонысы Шығыс Тянь-Шань мен Өңірі болған.

"Халықтардың ұлы қоныс аударуының" нәтижесінде қазіргі [Қазақстан](#), Орта және Алдыңғы Азия, Шығыс Еуропа]] территорияларына кең таралып орналасқан түркілер қазіргі түркі тілдес халықтардың барлықтарының субстраты болып табылады. "Түркі" деген термин тұңғыш рет 542 жылы аталады. "Түркі" этонимі алғашқы кезде белгілі бір ақсүйектерден шыққанын білдірген (ғылымда этносқа қатысты "түркі"терминін қолдану қалыптасқан, біз соған арқа сүйейміз). Түркі қағандағы тұсында түркі тілінің өрісі барынша кеңіп, ұланғайыр өлкедегі негізгі тілге айналған. Түркілердің жазуы да болған. Сол көне түркі жазбаларынан түркілердің дүниетанымдық көзқарастары, наным-сенімдері туралы көп мағлұмат алуға болады. Көне түркілер аспан денелерінің қозғалысына карауа райын, жыл маусымдарының қандай болатынын күні бұрын анықтай алған. Көне түркілер геометрия, математика ғылымдарынан біршама хабардар болған, оны су жүйелерін салуға, күрделі ғимараттар, карауыл төбелер тұрғызуға, т.б. пайдаланған. Олар металды, түрлі минералдарды еріту әдістерін, шөптердің емдік қасиеттерін білген. Емдеудің неше түрлі әдістерін де жетік меңгерген. Ежелгі түркілер, негізінен, қос күшке - Көкке және Жерге сиынатын болған. Көк Тәңірінің рақымымен елді билеген қағандар "Аспанда туған және Күнмен, Аймен безендірілген" деп аталған. Ежелгі түркілер үшін Көк пен Жер-Судан кейін тұрған құдіретті күш әйел, ошак басы құдайы Ұмайға табынған. Түркі халықтарының мәдениетінде персонификациялабаған, шексіз аспан әлемімен қатар аспан шырақтары, құтты мекен, отсуға да бас игенін білдіретін деректер кездеседі.



**Азиядағы көне түрік
ескерткіштеріне тән
ерекшелік - адамды
атымен жерлеген обалар
мен Ғұрыптық
Қоршаулар болып
табылады. Ескерткіштің
осындай түрлері
Сарыарқадан да
табылған.**

Түркі Қағанаты



Түркі Қағанатының билеушілері

Амрак қаған

Тардуш Қаған

Баға Ышбара Қаған

Тобо Қаған

Бумын Қаған

Тұлан Қаған

Жағбу Баға Қаған

Төремен Апа-хан

Мұқан Қаған

Янг Соух тегін

Билеушілері

Қара-Еске Қаған





ГҮХНЖ: ДҮДЈДҮЈ>ҮЈҮ: ЈД>Ј
Д>Ј: ҮХ: ҮГНҮГҮГЖ>: <ЖЈ
Д>Ј: ГҮГ: ҮГГҮХЈҮ>Н: ДЖ
ЧЈ: ДНДЈН: ДҮДЈДҮЈ>ҮЈҮ: Ј
ҮЈҮҮХ>: ХЖГ: ҮХГҮГЈ>Н: <
: ГГҮҮХ: ҮДННЧГҮГҮ: ГНГ
Х: ЧДҮЖЖНЖҮ: ҮХЖГҮХЈҮ>Н
ДЖҮДЈЈ>Ү: ҮХЖ>Н

Көне түркі жазуының түйіні шешілгеннен кейін бабаларымыз қалдырған көптеген асыл мұралар табылды. Монғолиядан – 33, Енисейдің Орхон аймағынан – 85, Шығыс Түркістанда, Талас бойында – 12, Ферғана мен Шығыс Еуропада да бірнеше көне түркі ескерткіштері табылып, ежелгі дәуір шежіресін бүгінгі ұрпаққа жеткізді.

Махмұд Қашқари түркінің тұңғыш тіл маманы, түркі тілінің оқулығын жасаған, грамматикасын түзеп, жалпы түркі әлемінің тіл өнерінің өрісін кеңейтіп, өркенін өсірген ғұлама. Түркология тарихында ол тұңғыш тарихи салыстырмалы әдісті қолданып, түркі тілдері тарихи диалектологиясының негізін салды. Оның осы тілдерді салыстырмалы түрде зерттеу тәсілі бүкіл Шығыс тілшілеріне ортақ зерттеу тәсілі ретінде өзінше бір мектеп болып қалыптсыпты.

Түркі жұртының бай тарихы, географиялық жағдайы, әдебиеті мен өнері, этнологиялық ерекшеліктері «Диуани лұғат ат түрктө» нақты тарихи деректілік сипатпен танылған. Ол көптеген ұлыстардың, тайпалардың тіл ерекшеліктерін саралап, түркі тілінің бітімін ежіктей түсіндіреді, тұрмыс салтын, әдет-ғұрпын баяндайды, сол кездегі бір қатар қаламгерлердің, ғұламалардың, тарихи адамдардың аттары мен өмірбаяндық деректерін, түркі халықтарының байырғы жырларын, мақал мәтелдерін береді. Сонымен қатар ол көне дәуірдегі түркінің әлемдік картасын жасап, онда Барсхан, Баласағұн, Тараз, Екіөгіз, Қашқардан бастап, түркі дүниесінің ежелгі шаһарларын, елді мекендерін түгел дерлік көрсетеді. Бұл ретте оны түркі жұртының тұңғыш энциклопедиялық анықтамалығы десе де болады.



Қоңыстанған жері

Түркі қағанаттың саяси-әскери бірлестік ретінде қалыптасқан мекені - Жетісу. Жетісу мен Шығыс Қазақстан жужан мемлекеттің шет аймақтары болатын. Осы аймақтарда орналысқан тайпалар - теле - 492 ж. жужаньдарға қарсы шығып, тәуелсіздік мемлекет құрады. Дегенмен де, 516 ж. жужаньдар жаңа құрылған мемлекетті тағы да өздеріне бағындырады. 545 ж. теле тайпасының Ашина руы жужаньдарға қарсы күресті басқарады. 551 ж. батыр Бумын Қытайдағы Батыс Вэй патшалығымен бірігіп, жужань мемлекетінің талқандайды.



Адам ой-санасы мен әрекетінің нәтижесінде туындаған құндылықтарды біз *мәдениет* дейміз.

Мәдениетті кейде шартты түрде *материалдық* және *рухани* деп екіге бөледі.

Көшпелілердің рухани мәдениетінің өз даму ерекшеліктері бар. Ол көшпелілердің тіршілік қарекетінің, тұрмысының ерекшеліктерінен туындайды.












Көшпелілер туралы мәлімет


Көшпелілер немесе көшпелі қоғам, көшпелі өркениет дегеніміз — негізгі кәсібі мал шаруашылығы болып, күнкөрісінің көзі мал өнімдерінен тұратын, белгілі бір қалыптасқан жүйемен көшіп-қонып тіршілік ететін адамдардың әлеуметтік-экономикалық, саяси қауымдастығы және өркениеті.





Көшпелілер өз тұрмыс-қарекетіне лайықты мәдениет қалыптастырған. Көшпелілердің материалдық мәдениеті көші-қонға ыңғайланып жасалған. Мұндай таза көшпелі мәдениет үлгілеріне біз жиналмалы, жығып-тігуі өте жеңіл киіз үйді, ер-тұрман, ат әбзелдерін, теріден, ағаштан жасалған ыдыс-аяқтарын, бесігін, басқа да тұрмыстық заттарын жатқызамыз.


	<i>АТУ ҚАРУЫ</i>	<i>КЕСУ ҚАРУЫ</i>	<i>ТҮЙРЕУ ҚАРУЫ</i>	<i>ШАБУ ҚАРУЫ</i>	<i>СОҒУ ҚАРУЫ</i>
ЖЕКПЕ-ЖЕК					
ӘСКЕР ТҮРІ	<i>САДАҚШЫ</i>	<i>ҚЫЛЫШШЫ</i>	<i>НАЙЗАШЫ</i>	<i>АЙБАЛТАШЫ</i>	<i>ШОҚПАРШЫ</i>
ӘСКЕРИ ДӘРЕЖЕНІ БЕЛГІЛЕУ					



Көшпелілердің материалдық мәдениеті көші-қонға ыңғайланып жасалған. Мұндай таза көшпелі мәдениет үлгілеріне біз жиналмалы, жығып-тігуі өте жеңіл киіз үйді, ер-тұрман, ат әбзелдерін, теріден, ағаштан жасалған ыдыс-аяқтарын, бесігін, басқа да тұрмыстық заттарын жатқызамыз.

Ал көшпелілердің рухани мәдениетіне келсек, ол одан да бай. Көшпелілерде табиғатқа негізделген дүниетаным, ақынжандылық, қиялшылдық, шығармашылықпен ойлау жүйесі қатты дамыды.






көне сақ жазуы

Көшпелілерде де, отырықшы елдер сияқты, жазу ерте пайда болды. Сақ жазуларының (б.з.д 1 мыңжылдықтың ортасы), түрік жазуларының (б.з VII-VIII ғғ.) болғандығын, одан бергі ортағасырлық түркі тайпаларында жазуы болғанын сіздер білесіңдер. Бірақ тағы да объективтік себептермен көшпелілерде отырықшыларға қарағанда жазу-сызу кеңінен дами алмады. Олардың рухани мәдениеті – шежіре тарихы, фольклоры, діни ұстаным-қағидалары халықтың жадында сақталды.


Көшпелілер мәдениетінің тағы бір ерекшелігі – олардың мәдениетінің, көбінесе синкретті (біртекті ғана емес, көпқырлы) болып келуінде. Көне заманда қазақ жерінде өмір сүрген тайпалар (сақ, үйсін, ғұн, сармат, т.б), одан кейін ортағасырлардағы түркілер бүкіл Еуразиялық көне және ортағасырлық өркениеттер мен әртүрлі себептер арқылы (миграция, жаулап алу, бейбіт көршілік жағдайында) араласты. Сол арқылы көшпелілер өздеріне түрлі халықтардың жақсы мәдени үлгілерін басқа халықтарға жұғыстырды. Көшпелілер түрлі мәдениеттердің бір-бірімен араласуына, жақындасуына қозғаушы күш болған.

Алайда қазақ мәдениетінде отырықшы өркениеттің үлгілері аз болмағанына көз жеткізуге болады. Отырықшы өркениет үлгілері, әсерсе Орта ғасырларда, Оңтүстік өңірлер мен Жетісуда отырықшы қала мәдениеті дәуірленген кезде көбейе түсті.

Арабтар жаулап алар тұста көне түркілер мекендеген Тұран жерінде диқаншылық пен мал өсірумен қатар, алтын, күміс, жез, темір, қорғасын өндірген елдің өзіндік мәдениеті болған сонымен қатар Қытай, Византия, Үндістан сияқты мемлекеттермен сауда-саттық жасап, дипломатиялық қатынастар орнатуға жол ашқан.



Көне жазулар



Күміс тостағандағы жазу
(Есік)

Қазақ жерінде жазу-сызу сақ дәуірінен бастап пайда болған. 1960 жылы Ертіс өзенінің оң қанатынан табылған б.з.д V-IV ғасырларға жататын сақ дәуірінің марал сүйегінен жасалған тұмарда жазу болған. Оны ғалым Алтай Аманжолов оңнан солға қарай “Ақ сықын” – “Ақ марал” деп оқыған.

Есік қаласының түбінен табылған «Алтын адамның» қабірінен жазуы бар күміс тостаған шықты. Тостағанның сыртында екі жолға жазылған 26 таңба бар. Олар, бір жағынан, көне түркілердің руникалық жазбаларына ұқсас, екіншіден, Жерорта теңізі төңірегіндегі көне алфавиттік таңбаларға, әсіресе грек, арамей, әріптеріне ұқсас.



Алтай Аманжолов
(1934-2012)

- Өткен ғасырдың 60 жылдары Іле өзенінің оң жағасындағы Тайғақ шатқалынан көне тибет жазуы, көне грек әліпбиіндегі жазу табылды. Ғалымдардың пікірінше, грек алфавитімен жазылған жазудың сыртынан айналдыра тибет жазуын жазған. Жазуды грек әліпбиін білетін буддалық монах жазған болуы керек. Қарлұқ заманында (VIII ғ.) Жетісу жеріне келген тибеттіктер тау-тасқа өздерінің буддалық дұғаларын ойып жазған.

көне үнді будда
мәдениетінен



- Әліпби жазу дүниежізілік мәдениетке қосылған үлкен үлес болып есептелді. Көне түркілер алғашқы әріп жазуының бір түрі – руналық жазуды ойлап тапқан және пайдаланған



Руналық жазу


Көне түркі руналық жазуы Қазақстанда Талас, Ертіс, Сыр, Іле өзендерінің қойнауларында табылған.

Бұл жазуларды алғаш зерттеп, оларды оқудың “кілтін” тапқан – Дания зерттеушісі Вильгельм Томсен. Осы көне түркі жазуларын сыртқы нобайы жағынан Скандинавияның руналарына ұқсатып, бұл жазуларды да руналық, яғни “құпия” жазу деп атап кеткен.




Вильгельм Томсен
(1842-1927)

- Ең алғаш табылған түркі жазуы ескерткіштері Білге қағанға, Күлтегінге қойылған құлпытастардағы жазу.
- Түркі жазбаларына Тоныкөк ескерткішіндегі жазулар да жатады.
- Қазақстан жерінен табылғандары – Талас өзені бойынан табылған тас мәрдегі жазу, Алматы облысындағы Кетпен тауындағы тастағы жазулар, Есік қаласының түбінен табылған күміс тостағандығы жазу.
- Бұрынғы Семей облысының Үржар ауданынан, Шығыс Қазақстан облысының Шемонайха ауданынан көне түркі жазуы бар екі қола айна табылған.
- 1985 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданынан табылған көне түркі жазуы және Жайық өзені бойынан табылған қола айнадағы руна жазуының тарих үшін маңызы зор.




Күміс тостағандағы жазу (Есік)

- Көне түркі жазуларда, әсіресе құлпытастардағы жазуда Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған т.б. сияқты түркі елбасыларының істеген ісі, түркі жұртының сол кездегі жағдайы, басқа елдермен қарым-қатынасы, олардың дүниетанымы сипатталады.



Күлтегін ескерткіші











































Тоныкөк жазба
ескерткіші



Білге қаған жазба ескерткіші

Көне түркі әліпбиі

Орхон-Енисей таңбалары	Дыбыстық мағына	Орхон-Енисей таңбалары	Дыбыстық мағына
   	а, ә (ө) ы, і (е) о, у ө, ү	   	м, м' н н' ӧ (ӧӧ)
 	б б	 	п, п' п, п'
 	ҕ ҕ	 	р р'
 	д д'	 	с с'
 	з, з'	  	т т' ч, ч'
 	к к (оқ, уқ)	  	ш ш'
 	к (ық) к		лт, л' т'
 	к (өк, үк)	 	нт, н' т' нч, н' ч'
 	л л̄		рт сөз айыру белгісі

Түркі жазуы бір-бірімен қосылмай жазылатын 38 әрептен тұрады. Кейбір ғылыми пікірлерге қарағанда, көне түркі жазуының пайда болуына соғды әріптері пайдаланылған немесе әсері тиген.

Орта ғасырлардағы жазу-сызу




- Ерте орта ғасырларда түркі халықтары өздерінің төл жазуымен бірге соғды жазуын да пайдаланған. *Соғды жазуы* дегеніміз – *орта ғасырлардағы парсы жазуы*. Соғды жазуының өз тілдеріне икемделген нұсқасын түркілер алғашында “ұйғыр жазуы” кейінірек “найман жазуы” деп атаған.
- Түркі халықтары ислам діні енген кезден бастап (VIII-XII ғғ.) араб әліпбиін де қолдана бастайды.
- Қарахан мемлекетінен бастап ісқағаздары араб әліпбиімен жүреді. Араб әліпбиімен хатқа түскен сол заманғы еңбектер мыналар: Махмұт Қашқари “Диуани лұғат ат-түрік”, Жүсіп Баласағұни “Құтты білік”, Қожа Ахмет Иасауи “Диуани хикмет”, Сүлеймен Бақырғани “Хикмет”, Рабғузи “Қиссауыл әнбия”, Әбілғазы Бахадүр “Түрік шежіресі” т.б.





Көшпелі өркениет
құндылықтары

Көшпелілердің мекені




"Қазақ бұйы" Зуралы Р.Нардыман





Жануарлар нысандары Қазақ өзінің әлеуметтік тұрмысын төрт түлік малсыз яғни жылқы, түйе, қой және сиырсыз елестете алмаған. Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының түсінігі төрт түлік мал дүниенің төрт бағытын, адамның төрт мінезін бейнелеген. Халық ұғымы бойынша әрбір малдың өз иесі болған. Жылқының иесі-Қамбар ата, түйенің пірі-Ойсылқара, сиырдың пірі-Зеңгі баба, қойдың пірі-Шопан ата ал ешкінің пірі-Шекшек ата аталған.

A decorative graphic on the left side of the slide, featuring a red arrow pointing right at the top, and several thin, curved lines in shades of brown and grey extending downwards from the arrow's base.

Көшпенділердің өмірі мал шаруашылығымен тығыз байланысты болғандықтан жүйрік аттарды бәйгелерге, жарыстарға дайындайтын атбегілер өсіп жетілген. Қазақ арасында аңшылықтың кең тараған түрі-бүркітпен аң аңлау, бүркіт ұстап саятшы болу. Бүркіт деп қазақ аңшылары құстардың ішіндегі аса тектісін, адам қолына тез үйренгішін атаған. Арқа құсбегілері ителгіге қоян, үйрек алдырса, Сыр құсбегілері қырғауыл, кекілік алдыратын болған.

Көшпенділердің қазақтардың әлемдік өркениетке қосқан орасан зор үлесі-олардың 11 ғасырдан бастап қолданған киіз үйлері.



Тамғалы тас шатқалындағы жартастарға салынған суреттер топтамасы. Тамғалы петроглифтері немесе Таңбалы — петроглиф тас кешені, Жетісудың ең көне ескерткіштерінің бірі.



Тас кешені 2004 жылдан бері Қазақстандағы ЮНЕСКО Әлемдік мұра нысандары тізіміне енген.



Қорған Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының орталығы Есік қаласының маңында орналасқан. Оны 1969 -1970 жылдар Жетісу археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.Ақышев, мүшелері Б.Нұрмұханбетов, А.Г. Максимовалар) зерттеген.



Есік обасы (б.з.б. 5 — 4 ғ) - сақ дәуірінен сақталған ескерткіш.






Берел қорымы.

Шығыс Қазақстан облысы
Қатонқарағай ауданында Берел
ауылынан оңтүстік-батысқа
қарай 7 – 8 км жерде
орналасқан.



Алғаш қорымды 1865 жылы
В.В.Радлов, 1959 жылы
С.С.Сорокин зерттеген.

Қорым 3 қорғандар тобынан тұрады.



18. № 11 оба. Патшамен
бірге қойылған 13 жирен
жылқы





Таңбалы тас

Таңбалы археологиялық петроглифтері UNESCO Әлемдік мұралар тізіміне 2004 жылы енген. Бұл кешен Жетісудың ең көне ескерткіштерінің бірі.

Таңбалы шатқалы Алматы қаласынан солтүстік-батысына қарай 170 шақырымда, Алматы облысының Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Петроглифтер мерзімі біздің заманымызға дейінгі XIY ғасыр, біздің заманымыздағы YI -YIII ғасырлар аралығы, яғни қола дәуірінен түркі халықтарының Ұлы даланы жаулап алғанға дейінгі уақытты қамтиды. Петроглифтер кең аймақта жайғасып, өлшемі 3 пен 10 шақырым аумақты алып жатыр. Олардың ең маңызды бөлігі 250 м x 500 м, онда 2 000 петроглиф бар, жалпы Таңбалыда 5 000 суреттей бар.